

Тәжірибелік сабақ №9.

Тақырыбы: XVII ғасыр әдебиеті. Марғасқа жырау,

Мақсаты: XVIII ғасырда өмір сүрген Марғасқадан қалған жалғыз толғаудың мәнін ашу. Өзіндік пайымдаулар айтылып, қорытынды жасау. Оны толғауларынан дәлелдеу. Ақын-жыраудың өзіндік ерекшелігін, стилін таныта отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге дағдыландыру; ақын-жыраулар шығармаларының тарихи әдеби және тәрбиелік мәнін ұғындыру; көркем шығармалардан үзінділер жаттау арқылы мәтінге талдау жасауға үйрету және сөздік қорын байыту, тіл мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырма: XVII ғасырдағы қазақ хандығындағы тарихиәлеуметтік жағдай. Осы дәуірде өмір сүрген Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың толғауларында Есім хан заманының кемел оқиғаларының көрініс табуы. Марғасқа жыраудың «Ей,Қатағанның хан Тұрсын» деп басталатын толғауындағы дәуір сипаты. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» өлеңін жатқа айт. 254 XVIII ғасырда қазақ даласына ойрат басқыншыларының жойқын шабуыл жасауы. Қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырауы (1723 ж).

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Марғасқа жыраудың Есім ханның белгілі батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы болғандығы. XVII ғасырдың айтулы тарихи тұлғаларының бірі екендігі. Мұраларының біздің заманымызға толық жетпеуі. Марғасқа жыраудың (XVII ғасыр) ерлікті, достықты, адалдықты жырлаушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы екендігі.

Семинардың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегінде өз ойыңыз қандай, соны дәйектеніз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз. Келесі семинарларда алдыңғы өткен сабақтарда дайындаған материалдарыңызды, алған біліміңізді дұрыс пайдалана біліп, жаңа тақырыппен байланыстырып отырыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Марғасқа өмірі жайлы, ержүрек батыр.
2. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығы. Ішкі және сыртқы саясат.
3. Марғасқа – ерлікті, адамдықты жырлаған қазақ поэзиясында көне жыраулар дәстүрін жалғастырушы.
4. Есім ханның жорықшы жырауы болған.
5. Бізге жеткен жалғыз толғауы – «Ей, Қатағанның хан Тұрсын»

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту